

## 2016 жылға егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 8 тамыздағы № 487 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 13 қыркүйекте № 4552 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 684 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 29.09.2016 № 684 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңдарына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша аудан аумағында 2016 жылға егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын

3. Аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмысы бөлімінің басшысы (А.Дарисов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Каналинге жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 20 сәуірден бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.

*Аудан әкімі*

*А.Халелов*

**Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша аудан аумағында 2016 жылға егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері**

№	Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері	Оңтайлы мерзімдері	
		3 құрғақ дала аймағы	
		басталуы	аяқталуы
1.	Жаздық бидай	5 мамыр	25 мамыр
2.	Арпа	20 сәуір	5 мамыр
3.	Сұлы	20 сәуір	5 мамыр
4.	Тары	15 мамыр	25 мамыр
5.	Ноқат	1 мамыр	15 мамыр
6.	Күнбағыс	1 мамыр	15 мамыр
7.	Мақсары	5 мамыр	25 мамыр
8.	Күздік қара бидай	5 тамыз	20 тамыз
9.	Күздік бидай	15 тамыз	10 қыркүйек